

ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№87
(2152)
Сәрсенбі
4 қазан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті ұстаздар!

Қадірлі білім беру саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаздар мерекесі – орны бөлек, дәрежесі биік, жылылыққа толы, мерейлі мереке. «Бала бағбанына» баланып, «қоғамның ары мен ақылы» саналатын Ұстаз ұғымы – барлық адам құрметтейтін қадірі мол кәсіп. Осыдан болар білім мен мәдениеттің жаршысы болған оларға өсер ұрпақтың тәрбиесі сеніп тапсырылып келеді.

Негізінен өміріміздегі жақсылық атаулының барлығы ұстаздар есімімен байланысты. Сондықтан мемлекет білім беру саласын дамытуға барлық жағдай жасауда.

Мерекелі күнде ауданның білім беру саласының қызметкерлері мен ардагер ұстаздарға ризашылығымды білдіремін.

Алдағы уақытта да қазыналы Қазалының ертеңін қалыптастыратын, дамуына үлес қосатын зерделі ұрпақ тәрбиелеудегі мәртебелі еңбектеріңіз әрдайым табысты болсын!

Жаңа заманның төрінен лайықты орын алатын білімді ұрпақты тәрбиелей беріңіздер. Еліміздің атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін.

Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

Мұхтар Оразбаев

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚУАНТАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен Бақытжан Дүзелбайұлы Қазалы қаласы мен аудан орталығы - Әйтеке би кентінің аралығындағы тұрғын үйлердің құрылысын көрді.

Әлеуметтік осал топтар үшін салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысы қазіргі күні аяқталуға жақын.

Нысанның сырты қапталып, ауыз су, газ және жарық мәселесі шешілген. Әрбір үйдің жұмысына асқан жауапкершілікпен қарау қажет екенін айтқан аудан басшысы тез арада тұрғынжайды елі игілігіне беру қажеттігін ескертті.

Сонымен қатар, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Күзембаевқа жұмыс сапасын бақылауда ұстауды тапсырды.

●Баспасөз - 2024

АУДАН ӘКІМІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІН ҚАРТТАР КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қазыналы Қазалы Аудан басшысы өңірінде абыройлы Тілеуберген ақсақалдың ақсақалдарымыз бен ақ сұрапыл соғыста жаулықты әжелеріміз көрсеткен ерлігі бүгінгі жетерлік. Сондай ұрпаққа өнеге екенін жандардың бірі - Ұлы айтып, бейбіт өмір Отан соғысының ардагері сыйлаған қарт жауынгерге алғысын білдірді. Тілеуберген Тобабергенов ақсақал. Сондай-ақ, қазақы дәстүрге сай иығына шапан жауып, сый-құрмет көрсетті.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен Бақытжан Дүзелбайұлы соғыс ардагерінің шаңырағына арнайы барып, ке қарсаңында құрмет ақсақалды 1 қазан – жеткізген аудан басшысы Халықаралық қарттар мерекесімен сына ризашылығын айтып, ақ батасын берді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Әйтеке би кентінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Тұрғындар ауылдық округтерден әкелінген өнімдерді 10-15 пайыз арзандатылған бағамен сатып алды.

Жәрмеңкеге ауылдардан 18 тонна қауын-қарбыз, 13 тонна картоп, 1 тонна балық және көкөніс пен жеміс-жидек түрлері, ет, сүт, балық өнімдері, қысқы мал азығы мен ұсақ малдарда әкелінді.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне жиналғандар көп болды. Барлығы да арзандатылған өнімге қызығушылық танытты.

Жергілікті шаруалардың өнімдерін насихаттауды мақсат тұтқан шара алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Жәрмеңкеге аудан әкімі Мұхтар Оразбаев арнайы барып, ауылдық округтерден әкелінген бау-бақша өнімдерін көрді.

Сондай-ақ, аудан басшысы жәрмеңкеге келген тұрғындармен пікір алысып, биылғы өнімнің сапасына оң бағасын берді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің
редакциясы

АУДАН АРДАГЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



1 қазан - Халықаралық қарттар күні. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев мерекеге орай қазыналы қарттарымыз бен ақ жаулықты аналарымыздың басын қосып, құрмет көрсетті.

- Біз «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген тәмсілдің тереңіне бойлап, қарттарын қадірлеп өскен ұлттың ұрпағымыз. Қариялардың кеудесі – алтын сандық. Бүгінде әр шаңырақта ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп,

ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ғанибет. Сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін, - деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, Мұхтар Әуесұлы жас ұрпаққа өнеге көрсетіп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген ардагер-



лерге «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатын» табыстады.

Мерекелік шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов сөз сөйлеп, ардагерлердің бір тобына «Құрметті ардагер» төс белгісін табыстады.

Мерекелік шарада еңбек ардагері Сайын Дәуіт, ардагер-ұстаз Тілек Махамаш, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Алмагүл Қаржаубаева және басқалары жылы

лебіздерін білдірді.

Қариялардың мерейін үстем еткен көңілді кеште аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары ән-күйден шашу шашып, Қазалының қазыналы қарияларына аудан басшысының арнайы сыйлықтары табысталды.

Кеште Ұлы отан соғысының ардагері, қос ғасырдың куәсі Қабақ Смағұл ақсақал барша ардагерлерді мерекемен құттықтап, ақ батасын берді.

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ

1-қазан - Халықаралық қарттар күні. Осыған орай Әйтеке би кентіндегі 5-ші аймақ азаматтарының ұйымдастыруымен "Қарттарым, аман-сау жүрші" атты мерекелік шара өтті.

Әли-Мұса мешітінде өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов қатысып, абыз ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелерімізге жылы лебізін арнады.

Сондай-ақ, мерекелік шараны ұйымдастырушылар мен қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып жүрген азаматтарға аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың «Алғыс хатын» табыстады.

Аудандық ардагерлер кеңесінің



төрағасы Оразғали Бекпанов, еңбек ардагерлері: Ерқосай Қабылов, Жанұзақ Байниязов, Жанқожа батыр атындағы орталық мешіттің бас имамы Нәби Нұрдәулет сөз сөйлеп, ардагерлерді төл мерекелерімен құттықтады.

Мерекеге орай ұйымдастырылған тағылымды шарада арқан тарту, қол күресі, гир көтеруден сайыстар өткізіліп, жеңімпаздар арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ҰСТАЗ ҰЛЫ ЕСІМ!

Ұстаз –киелі мамандық иесі. Ол әрбір шәкіртті білім нәрімен сусындатып, болашаққа бағыт-бағдар береді. Мектеп табалдырығын аттаған әрбір балаға жылы шырай танытып, қабылдайды. «Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», -деп ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар

жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі-ұстаз.

Ұстаздық мамандықты қадірлеп, ақын-жазушыларымыз өлең жолдарын арнаған.

Әр баланың ата-анадан кейінгі ақылшысы, сенімді тәрбиешісі мұғалім. Баланың өмірден өз орнын табуы да ұстаздың еңбегі зор. Заман талабына сай оқушыларды

жетілдіру ұстазға байланысты. Шәкірт тәрбиелеуде ұстаздық ізденісті талап ететін мамандық. Ұстаз болу жүректің батырлығы деп бағалауға болады. Әрбір адамның қолынан келе бермейтін мұғалімдік мамандықты игеруге екінің бірі талаптана бермейді. Өйткені ұрпақ болашағы ұстаздардың қолында.

Мектеп – алтын

ұя. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей, отбасыдан, мектептен алынған тәрбие әр балаға берілген үлкен жолдама, рухани азық болары сөзсіз.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Әрқашан шәкірт өмірінің бағбаны болып жүре беріңіздер!

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

● Хабарландыру

ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Құрметті «Алға» ауылдық округі Ү.Түктібаев ауылының тұрғындары! Сіздерді 2023 жылдың 1 қарашасы күні сағат 11:00 - де Ү.Түктібаев ауылдық клубында өткізілетін жиналысқа шақырамыз.

Күн тәртібінде:

«Алға» ауылдық округі Ү.Түктібаев ауылындағы «Көне ауыл», Комсомол, «Құм ауыл», «Жаңабасшылық» көшелерін қайта атау туралы.

**«Алға ауылдық округі
әкімінің аппараты»**

**коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

ШӘРБАҢУ БАЕКЕЕВА – ҚОС МАМАНДЫҚТЫҢ ИЕСІ

Шәрбану – Баекеевтер отбасындағы тоғыз баланың жетінші перзенті. Оның Шәрбану есімін иеленуінің де өзіндік себебі бар. Қыз бала дүниеге келгенде атасы мен әжесі келіні Төлешке «балаңның есімін өзің қой», - деп рұхсат беріп, міндет жүктепті. Сонда әдебиет жанашыры анасы «Шәрбану Құмаровадай жазушы қыз болсын», - деп есімін Шәрбану қояды. Осы ат қою ырымы тегін болмаса керек. Шәрбанудың кітап, газет-журнал оқуға қызығушылығы сонау оқушы кезінен басталыпты. Оған себеп, ата-анасы да газет-журнал оқуға құмар, түрлі басылымдарды жаздырып алады екен. Балалары газет-журналдарды оқып болған соң анасы түгелімен тігіндіге тігіп қоятын болған. Осы үрдіс жыл сайын қайталанатын. Оның үстіне балалары кітапханадан кітап әкеліп оқыса анасы кітаптың атын, авторын, мазмұнын сұрап тексереді. Бұл балаларына кітап оқуда жауапкершілік жүктейді.

Анасы үміт еткеніндей Шәрбану әдебиетке сонша құмар болса да есейе келе мұғалім болуды армандады. Оған ықпал еткен өзі ерекше қадірлейтін ұстаздары: Зина Баймұратова, Роза Бейімбетова, Гүлханис Алдоңғарова болатын. Аталған ұстаздарындай шәкірт тәрбиелеу асыл арманына айналды. Және де физика пәні мұғалімі мамандығын таңдады.

Балғын бойжеткен мектеп бітірген соң Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2001 жылы бітірді. Асқақ арманға қол созған жоғары білімді жас маман еңбек жолын Әйтеке би кентіндегі Б.К.Мергенбаев атындағы гимназияда физика пәні мұғалімі болып бастады. Ізденіске толы жылдар осылай бастау алды. Жалаңтөс батыр аулындағы №103 орта мектебінде информатика пәнінің мұғалімі болып қызметін жалғастырды. Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік мектепке информатика пәні оқытушысы болып шақырылып, 5 жыл қызмет атқарғаннан кейін «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» мемлекеттік мекемесінің әдіскері қызметіне ауыстырылды. Талапты, ізденімпаз, еңбекқор, шебер ұйымдастырушы қыз осы жылдары мамандығы бойынша мол тәжірибе жинақтап, ауыз толтырып айтатындай жетістіктерге жетті. Қызметінде шыңдалған, әріптестері арасында беделді, өзіне міндеттелген жұмысты әрдайым жауапкершілікпен атқарған Шәрбану Баекееваға сенім артқан басшылық оны Қызылорда облысының білім басқармасы – «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі»

коммуналдық мемлекеттік қазыналы кәсіпорны директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметіне жоғарылатты. Сенімнен шығуды ойлаған ол бұл қызметті екі жылдан бері абыройлы атқарып жүр. Және де ізденімпаз маман білімін жетілдіру үшін 13 рет Астана, Қызылорда, тағы басқа қалаларда қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен. Сондай-ақ, 6 рет қосымша курстарға қатысқан.

Жоғарыда Шәрбанудың шығармашылыққа құмарлығын атап өттік. Шынында солай. Нақтылап айтсақ, ол Қазалы қаласындағы №3 балалар кітапханасының 35 жылдан, М.Горький атындағы кітапхананың 30 жылдан бері тұрақты оқырманы. Шәрбанудың жеке 3000 кітап қоры бар кітапханасы барын айтсақ кейбіреулер таңданыспен қарары сөзсіз. Үздіксіз кітап оқу ізденімпаз жанның білімін шыңдады, дүниетанымын кеңейтті, шығармашылығын дамытты.

Сонымен қатар, Шәрбану 20 жылдан бері «Егемен Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі», «Білімді ел, образованная страна», «Қазақстан мектебі», «Білім кілті», «Аңыз адам», «Физика Қазақстан мектебінде», «Әдістеме», «Сыр мектебі», «Ардагер айнасы», «Тіл сақшысы», «Ұстаз үні», «Ұстаз мәртебесі», «Тұран-Қазалы», «Қазалы» газеттері мен журналдарын үзбей жаздырып алып оқиды. Және аталмыш басылымдарда мақалаларын жариялайды.

Қос мамандықтың иесі (Қорқыт ата атындағы университетте оқып, журналист мамандығын алған) Шәрбану Баекеева қарымды журналист, аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің белсенді тілшісі. Түрлі тақырыптарға жазған мазмұнды мақалалары республикалық, облыстық, аудандық газеттерде үзбей жарияланып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленуде. Бұл жөнінде Шәрбанудың өзі былай дейді:

-Менің газет тілшісі атануыма қамқор болып, ақыл – кеңесін берген ауданның абыз ақсақалы, талантты жазушы, марқұм Әлмәмбет Әлішев аға. Мінәжадин Сермағамбетов, Шамша Айтуғанов, Махмудбай Әміреұлы, Сексенәлі Раханов, Бауыржан Елеусінов, Дәуіржан Елубаев, Нұрлан Көбегенұлы, Дамир Байманов, марқұм Елібай Жікібаевті ұстаз тұтамын. Олардың есімдерін ешқашан ұмытпаймын.

Ұстазым Әлмәмбет аға туралы ерекше тоқталуға міндеттімін. Өйткені аға ұзақ жыл басқарған аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті журналистердің алғашқы ұшқан

ұясы десем болғандай. Әлекең ағамыздың ақыл-кеңесін тыңдап, тәрбиесін алған қаншама журналист, жазушылар бұл күнде еліміздің түкпір-түкпірінде осы саланың майталманы атанып жүр. Ағамыздың ұстаздық, тәлімгерлік еңбегі зор. Ә.Әлішевтің журналистік, жазушылық өмірі жайлы газет беттерінде талантты жазушылар: Дүкенбай Досжанов пен Қуаныш Жиенбай қалам тербеді.

- Ал, менің алғашқы ұстаздарым ата-анам. Бірде әкем Толыбай Дінмұхаммед Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» атты кітабын үйге алып келді. Әкем кітапты бірнеше рет қайталап оқыды. Мен де кітапты қайталап оқыдым. Мен көбінесе Абайдың қара сөздерін, Қасым Қайсеновтың, Әзілхан Нұршайықовтың, Бексұлтан Нұржекеевтің, Шәрбану Құмарованың кітаптарын іздеп жүріп оқимын. Нақтысы қолыма алған қызықты кітапты таң атқанша оқып тауыспай көз ілмейтінмін, - деді Шәрбану бізбен әңгімесінде.

Сондай-ақ, ол Қызылорда қаласына барған іс-сапарында үнемі «Мұстафа Шоқай» атты кітап дүкеніне соқпай кетпейді екен. Қазақстанның ақын-жазушыларының кітаптары сөрелерде сықап тұратын рухани мекеннен кітап алмай шықпайтын әдеті тағы бар.

Десекте біз білетін Шәрбанудың таңдаған мамандығы, сүйікті кәсібі мұғалімдік. Фейсбуктағы парақшасы әр саланың үздіктері мен өзіне ұнаған мақалаларға, видеоларға толы. Өйткені қоғамдағы жаңалықтарды, оқиғаларды оқушыларға талдап жеткізіп, өнегелі адамдардың өмір жолын шәкірттеріне өнеге етіп, жастар тәлімді тәрбие алса екен дейді. Және де мұғалімдердің газет-журналдарды, кітапты көп оқуын құп көреді. Мұғалімнің үнемі ізденісте болуына ерекше мән береді. Ұстаз деген ардақты атқа лайық болу үшін өзі тәрбиелеу – әрбір педагогтың парызы санайды. Мемлекеттік бағдарламаларды, реформаларды, жаңалықтарды алдымен мұғалімнің өзі оқып, біліп оқушыға жеткізіп отырғанда ғана қоғамда озық ойлы оқушылар мен білімді мамандар көбейетініне сенімді.

Марқұм аяулы әкесінің ертеректе айтқан ақылы әлі күнге есінде. Ол кісі «Барлық адамдар жақсы болғысы келеді, бірақ қолынан келе бермейді. Қолыңнан келсе өзгелерге қол көмек, сөз көмек бер, көмектесе алмасаң тыныш отыр», - деген еді. Әкесі айтқандай талай

қамқоршы адамдардың көмегін көрді. Олардың жақсылығын өмірі ұмытпайды. Өзі де талай адамдарға көмегін көрсетуде. Бұл әке өсиетінің жемісі.

Зерделі жанның көңілге түйген өз пайымдары бар. Көп қателесті. Кіммен араласуды білмеді. Дос дегендерінің шынайы бейнесін тереңдете аңдамапты. Есейе келе ғана адал достар мен амал достардың аражігін ажыратты. Сондықтан өмірлік достарын құрметтейді. Достыққа берік. Достарының көп болғанына қуанады. Дұшпандарынан да қорықпайды. Өйткені бойында ата-ананың қанымен келген қайсарлық, ерік-жігер мықтылығы, білімдарлық пен біліктілік, зерделі ойы өзгелердің мысын басып, оны ерекшелендіре түседі. Тәрбиелілігі мен қарапайымдылығы да көпшілікпен жақындаса түсудің тұтқасына айналған.

Шәрбану қарындасымыздың өзі айтқандай – ақ жиырма екі жылдық ұстаздық қызметінде еңбегіне орай жоғары орындардың марапат-мадақтауынан кенде болған жоқ. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы мен алғыс хаттарын, «Өрлеу» АҚ Қызылорда филиалы мен Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының, тағы басқа да жоғары салалық орындардың алғыс хаттарын иеленді. Журналистік қызметіне орай 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында аудан әкімінің алғыс хатымен бірнеше мәрте марапатталды.

Сөз арасында айта кетейік, Шәрбану Баекееваның 2018 жылы «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы әдістемелік қызмет жұмысын ұйымдастыру» әдістемелік нұсқаулығы, 2019 жылы Г.Жаңыловамен бірге «Рухани жаңғыру»; жаңғыру кілті білімде» атты әдістемелік жинағы баспадан жарық көрді.

-Шүкір, қызметте абыройлымын, еңбегім бағаланып жатыр. Көңілімдегі бір өкініш әкем Толыбай балаларының жетістіктерге жеткенін көре алмай, ауыр науқастан кейін 2011 жылы дүниеден өтті. Осы жай ғана жүрегімді сыздатады. Көңілді орнықтыратыны әкем көрмеген қызықты анам көріп, біздің қуанышымызға ортақтасып отыр. Сол ғана көңілге медет, - дейді қос мамандықтың иесі Шәрбану қарындасымыз.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
Қазалы қаласы

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН -АЛУ БАҒЫТЫНДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

"Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Қазақстан Республикасы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының негізгі ұғымдарына шолу жасау және бөлім қызметкерлеріне ұдайы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Бөлім қызметкерлері «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес, салық органдарына декларацияны уақытылы тапсырып отыр.

Бөлімдегі қызметкерлердің жауапкершілігін арттырып, жұмысына, қызмет уақытындағы және одан тыс кезеңдердегі байланыстарына ведомстволық бақылау жүргізіліп келеді.

Бөлімдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарының барысы туралы ақпарат аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөліміне жолданып отыр.

2023 жылғы 26 мамырда бөлімнің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Осыған сәйкес Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы мен Жер ресурстарын басқару департаменті бірлескен түрде игерілмеген жердің нысаналы мақсатына сай пайдалану жағдайына қатысты жаңа алгоритм қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігіне байланысты хаттар жолданды.

Бөлім басшысының, мамандарының зерт-

теу, анықтау, бақылау жұмыстарының барлығы фейс-бук парақшаларында орналастырылып отыр.

Жер қатынастары секторы бойынша.

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің №309 Қаулысына сәйкес жер саласына қатысты тиісті іс-шаралар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 жылғы жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекітутуралы №301 бұйрығымен 15 мемлекеттік қызметтерді көрсету түрлері бекітілген.

Оның ішінде жер қатынастары саласы бойынша бөлімде 9 мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді.

Ағымдағы жылы қағида бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерде мерзім бұзушылық орын алған жоқ.

Бөлім тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің белгіленген мерзімдері мен міндеттері ұдайы бақылауға алынып, жұмыс атқарылуда.

Яғни, қажетті мәліметтерді қызмет алушыдан талап етпей, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынып отырады.

Сондықтан, жер қатынастары саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында қағида бойынша қызмет алушы мен қызмет берушінің арасында байланыс /тұлғалар мен кездеспейді/ орнатылмаған.

Ауыл шаруашылығы жері.

2023 жылы ауданға жоспар бойынша 33 учаскеден 6000 гектар жер учаскесін табыстау жоспарланған.

Дегенмен, екі тоқсанда ауыл шаруашылығы мақсатында 3 рет конкурс өткізіліп, нәтижесінде 16000,0 гектар болатын 40 жер учаскесі табысталды.

Жыл басынан бері 31489,0 гектар болатын 32 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Қазалы ауданы әкімдігінің жанындағы жер комиссиясы туралы.

Жер қатынастарына байланысты проблемалық мәселелерді шешу, жер заңнамасы бұзушылықтарының алдын алу мен жою бағытына ауданда семинар кеңестер және жер учаскесін беру немесе жер учаскесін беруден бас тарту жөніндегі қортынды әзірлейтін аудандық комиссиясының бүгінгі күнге дейін 15 рет отырысы өткізіліп, 373 жер учаскеге тиісті хаттамалық шешім шығарылды.

Комиссия отырыстары аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен өткізіледі.

Кодекстің 48-бабына сәйкес мемлекет меншігіндегі бос жер учаскелері электронды аукцион арқылы сатылып беріледі.

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаменті жолдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша бейнероликтері бөлімнің әлеуметтік желідегі парақшасына орналастырылуда.

2023 жылы бөлім қызметкерлері сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттері үшін әкімшілік неме-

се қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған, бөлімде мүдделер қақтығысы орын алу фактілері болмаған, сонымен бірге, жемқорлыққа бейім тұлғалар лауазымды қызметке тағайындалмаған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

2023 жылы барлығы мемлекеттік көрсетілетін қызмет 659 болса, оның басым бөлігі электронды үкімет порталы арқылы 586-сі көрсетілді, қалған 73 кеңсе арқылы көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020 жылғы №301 бұйрығының (бұдан әрі - бұйрық) 9-қосымшасына сәйкес "Елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидасы бойынша жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін жер учаскесін табыстау Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі арқылы жүргізілуде.

Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды қабылдауды жүргізу кестесі, «сенім телефоны» бекітіліп, бөлімнің фейс-бук парақшасында орналасқан.

Бөлімге 2023 жылы барлығы 260 өтініш келіп түскен. Жеке тұлғадан 206; заңды тұлғадан -47; ұжымдық 7 өтініштер түсіп, заңға сәйкес арыз иелеріне жазбаша жауап берілген.

А.БАЙМАНОВА,
Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің жетекші маманы

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 30.09.2023 жылғы № 1-5-5-2-40/3326-И санды нұсқауына сәйкес, Қазалы ауданы полиция бөлімі, Жергілікті полиция қызметі хабарлайды.

Қызылорда облысы көлемінде 2023 жылдың 1 қазаны-1 қарашасы аралығында «Браконьер» жедел-профилактикалық

іс-шарасы өткізіледі. Осыған байланысты, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, (сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер, киік, аң аулау, балық ресурстарына қатысты браконьерлікке, оның ішінде ағаштар мен бұталарды кесу, сексеуілді кесу және сату, инертті материалдар-

ды заңсыз табу) фактілерінің, олардың дериваттарының контрабандасы арналарының жолын кесу, табиғатты қорғау саласы бойынша кезекті іс-шарасы өткізіледі.

Сондықтан аудан тұрғындарына жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде заңсыз аң аулауға және балық аулауға тыйым салынғандығын

ескерте отырып, заңсыз аң аулау және балық аулау деректері анықталған жағдайда тиісті заңнамаға сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын хабарлайды.

Қазалы ауданы полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.